

## Лебяжі ауданы Восточное селолық округі мен Восточное селосын қайта атау туралы

Павлодар облысы Мәслихаты мен Әкімиятының 2007 жылғы 19 қазандағы N 30/2 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысы Әділет департаментінде 2007 жылғы 12 қарашада N 3097 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Лебяжі аудандық мәслихаты мен Лебяжі ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 26 қазандағы №N 3/25 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі "Лебяжі ауданы Восточное селолық округі мен Восточное селосын қайта атау туралы" №N 112/5 қаулысына сәйкес және Восточное селолық округінің Восточное селосы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі

### Ш Е Ш І М Е Т Е Д І :

1. Лебяжі ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Восточное селолық округі мен Восточное селосы Баймолдин селолық округі мен Әбілқайыр Баймолдин атындағы селосы болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Ю.Әлекпаров*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Р.Гафуров*

*Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов*